


Бекітілді: 
«Арқалық қаласы білім бөлімінің
№8 негізгі орта мектебі» КММ
педагогикалық кеңестің
төрайымы Дуйсенбаева Л.А.
№1 педагогикалық кеңес 31.08.2023ж.



Келісілді: 
«Арқалық қаласының білім
бөлімі» ММ бастығы
Е.Ж.Маметеков

**«Арқалық қаласы білім бөлімінің №8 негізгі орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі
Негізгі орта білім берудің жұмыс оқу жоспары
(Оқыту қазақ тілінде)
5-9 сынып**

2023-2024 оқу жылы

Түсінік хат

«Арқалық қаласы білім бөлімінің №8 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу жылындағы оқыту **қазақ тілінде жүргізілетін 5-9 сыныптарда негізгі орта білім берудің жұмыс оқу жоспары келесі құжаттар негізінде жасалған:**

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, өзгерістер енгізілген 12 тамыз 2022 ж. № 365 бұйрық 6 қосымшасы);

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, тандау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021ж № ҚР ДСМ -76 бұйрығы) басшылыққа алынды.

Оқу жоспары инварианттық компонент және вариативтік бөліктерін құрайды. Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі сыныптағы және сыныптан тыс оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 5 сыныпта-28,5 сағаттан, 6 сыныпта-28,5 сағаттан, 7 сыныпта-31,5 сағаттан, 8 сыныпта -32,5 сағаттан, 9 сыныпта-34 сағаттан аспайды.

Шетел тілі -5-9 сыныптарда ағылшын тілі оқытылады.

«Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы 5-8 сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізген күні көрсетіліп жазылады.

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына 3 қосымшаның 36-37т. сәйкес «дене шынықтыру» пәні топтарға бөлінбей оқытылады. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 56-т. 6-тармақшаға сәйкес «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі. Жұмыс оқу жоспары мұғалімдердің әдістемелік бірлестік отырысында қаралып, 31.08.2023ж. №1 педагогикалық кеңесте бекітілді.

Вариативтік компонент «Жаһандық құзыреттілік» бойынша курстар:

Вариативтік компонентінде «Жаһандық құзыреттілік» курсына -3 сағат бөлінген.

Курс жаһандық азаматтық құзіреттілікке не бәсекеге қабілетті тұлғаны,жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін түсінуді, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін,әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдаумен бағалауды, бірегей біліммен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Курстың мазмұны зерттеу дағдыларын дамытуды және қажетті өзекті акпаратты іздеуді, сыни ойлау мен рефлексияны, коммуникативтік құзіреттілікті

қамтиды.Курстың белгіленген мақсаттары мен міндеттері орта білім беру мазмұнымен сабақтастық пен өзара байланысты көздейді, оқу процесінің ажырамас бөлігі ретінде тәрбиелік контентті кеңейтеді. «Жаһандық құзыреттілік» курсының үлгілік оқу бағдарламасының оқу жүктемесінің көлемі мыналарды құрайды:

5-8 сыныптарда -0,5 сағат (екі аптада бір рет), оқу жылында 17 сағат.

9 сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

Курстың мақсаты: Жаһандық азаматтық құзіреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

5-8 сыныптарда курс бес бірлікті қамтиды: «Парасаттылық және этика», «Азаматтық және патриотизм» , «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық», «Тіршілік қауіпсіздігі», «экологиялық мәдениет»,9 сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері»юниті қосымша енгізілді.

Бекітілді: 
 «Арқалық қаласы білім бөлімінің
 №8 негізгі орта мектебі» КММ
 педагогикалық кеңестің
 төрайымы Дуйсенбаева Л.А.
 №1 педагогикалық кеңес 31.08.2023ж.

Келісілді: 
 «Арқалық қаласының білім
 бөлімі» ММ бастығы
 Е.Ж.Маметеков

**«Арқалық қаласы білім бөлімінің №8 негізгі орта мектебі» коммуналдық
 мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу жылында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін
 негізгі орта білім берудің жұмыс оқу жоспары**

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық саны					Жалпы жүктеме, сағат	
		5 А	6А	7А	8А	9А	апталық	жылдық
	Инварианттық компонент							
	Тіл және әдебиет	11	11	11	11	11	55	1870
1	Қазақ тілі	3	3	3	2	2	13	442
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	3	3	12	408
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	15	510
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	15	510
	Математика және информатика	6	6	6	6	6	30	1020
5	Математика	5	5	-	-	-	10	340
6	Алгебра	-	-	3	3	3	9	306
7	Геометрия	-	-	2	2	2	6	204
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	170
	Жаратылыстану	2	2	7	8	8	27	918
9	Жаратылыстану	2	2	-	-	-	4	136
10	Физика	-	-	2	2	2	6	204
11	Химия	-	-	1	2	2	5	170
12	Биология	-	-	2	2	2	6	204
13	География	-	-	2	2	2	6	204
	Адам және қоғам	3	3	3	3	4	16	544
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	340
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	170
16	Құқық негіздері.	-	-	-	-	1	1	34
	Технология және өнер	3	3	1	1	1	9	306
17	Музыка	1	1	-	-	-	2	68
18	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	238
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
19	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
	Инварианттық оқу жүктемесі	28	28	31	32	33	152	5168
	Вариативтік компонент							
	Жаһандық құзыреттілік	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	102
	Элективті курстар	-	-	-	-	-	-	-
	Вариативтік оқу жүктемесі	0,5	0,5	0,5	0,5	1	0,5	102
	Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі	28,5	28,5	31,5	32,5	34	155	5270